



21 шілде, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

НАҚТЫ КӨРІНІСТІ ЖАСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетінің таралу ахуалы жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізді. Президент Үкімет пен әкімдердің жұмысын қатаң сынға алды.

— Баиянда бетінде жағдай бақылауда болғанымен, іс жүзінде олай емес. Президент Әкімшілігіне еліміздің барлық дәрханаларындағы дәрі-дәрмектерді тексеру жөнінде тапсырма бердім. Нәтижесі көңіл көншітерлік емес. Батыс Қазақстан, Атырау, Жамбыл, Қарағанды облыстарында, Нұр-Сұлтан мен Алматыда дәрі тапшылығы, ұзын-сонар кезек әлі де бар. Аса қат дәрілердің бағасы қымбат екені анықталды. Көлеңкелі бизнестің көлемі артып бара жатыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құқық қорғау органдары көтерме және бөлшек саудамен айналысатын дәрханаларда рейдтер мен тексерулер жүргізген. Тексеру қорытындысы бойынша заңсыз дәрі-дәрмек саудасымен айналысқан 270 адам қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның 116-сы медицина қызметкері. Мемлекет басшысы бұл бағыттағы жұмыстардың жағса беретінін, сондай-ақ, кінәлілер заңға сәйкес жазаланатынын атап өтті.

Президент Үкіметтің коронавируспен өкпе қабынуының статистикасын біріздендіру туралы шешімі пандемияның таралу көлемін нақты көруге мүмкіндік беретінін айтты. Сонымен қатар статистика мен сараптамалардағы кемшіліктердің, жоспарлаудағы

тиімсіздіктің кесірінен өңірлер өздеріне қажетті дәрі-дәрмектің көлемін нақтылай алмай отырғанын жеткізді. Барлық проблема жұмысты дұрыс жоспарламаудан басталатынын айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев, мұны кәсіби шеберліктің төмендігі деп бағалады.

Елімізде шектеу шаралары қабылданғанымен, халық әлі де отбасылық мерекелер жасауды жалғастырып жатыр. Атап айтқанда, мұндай жағдай Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстары мен Шымкент қаласында байқалады. Президент әкімдер карантин режимін сақтауға бағытталған түсіндіру жұмыстарын әлсіз жүргізгенін сынға алды.

— Әкімдер аса күрделі жағдайда жұмыс істей алмайды. Өзекті проблемаларды шұғыл шешуді, азаматтарға мемлекеттік саясатты дұрыс түсіндіруді білмейді, — деп мәлімдеді Президент. Оның ойынша, Үкімет мүшелері де, әкімдер де «токмейлсудің, масайраудың қақпанына түскен».

Жиын барысында азаматтардың тесттен өткізу мәселесі де қозғалды. Қазір күніне 32 мың адамнан сынама алатын деңгейге жеткенбіз. Дегенмен, өңірлер арасында көрсеткіштердің алшақтығы байқалады.

2-бет

● «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ»

МЕРЗІМ МЕН САПА – БАСТЫ ТАЛАП

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда қаласындағы «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан бірқатар нысанды аралады.

Алдымен өңір басшысы Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейіндегі күрделі жөндеуге көрді. Жөндеуге «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаржы бөлініп, 100 адам жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 50 адам қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы алынған. Жөндеу жұмыстары 15 мамырдан басталған және жыл соңына дейін бітеді деп жоспарлануда. Облыс әкімі жұмыстарды сапалы жүргізіп, уақытында бітіруді тапсырды.

Мұнан соң өңір басшысы М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Бұл нысанды жөндеу 4 мамырда басталған. Бүгінгі күні 74 тұрғын жұмыспен қамтылса, оның 37-сі – жұмыссыз ретінде тіркелгендер. Облыс әкімі қала әкіміне жөндеу жұ-

мыстарын жылдың аяғына дейін бітіруді тапсырды.

— Карантин экономикамыздың дамуына әсер етуде. Эпи-

демиологиялық ахуалмен қатар жұмыссыздық мәселесі де күн тәртібінен түспей тұр. Сол себепті мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып, жұмыссыздық мәселесін шешіңіздер. Аткарылып жатқан жұмыстардың сапасына аса мән беріңіздер. Колледжді жөндеуді жыл соңына дейін аяқтау

қажет, — деді облыс әкімі.

Сонымен қатар Гүлшара Әбдіқалықова Қазыбек би, И.Журба көшелерінде жүргізіліп жатқан орташа жол жөндеу және «Тағзым» алаңы мен теміржол паркіндегі абаттандыру жұмыстарын көрді. Қазбек би, И.Журба көшелерін жөндеу барысында 58 жаңа

жұмыс орны ашылған.

«Тағзым» алаңын абаттандыру 8 шілдеде басталды. 45 адам жұмыспен қамтылуда. Ал, теміржол паркінде 60 жұмыс орны ашылды. Өңір басшысы қала әкіміне бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуды бақылап, белгіленген уақытта бітіруді тапсырды.

Өрі қарай облыс әкімі мемлекеттік бағдарлама аясында күрделі жөндеу жүргізіліп жатқан Ә.Молдағұлова атындағы №173 және Н.Ахмедеева атындағы №112 орта мектептеріне барды.

№ 173 мектептегі жөндеу жұмыстарында 35 тұрғын еңбекпен қамтылыпты. 11 маусымда басталған жөндеу жыл соңына дейін бітеді деп жоспарлануда. Ал, №112 білім ұясын күрделі жөндеу 14 мамырда басталған, 23 азамат еңбек етуде. Облыс әкімі білім мекемелеріндегі жөндеу уақытында бітіп, сапалы болуын тапсырды.

Айта кетейік, «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қызылорда қаласына 18 млрд астам тенге бөлініп, 98 жоба жүзеге асырылуда.



● МЕЗГІЛІ МӘСЕЛЕСІ

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ ЖҮГІНУШІЛЕР АЗАЙДЫ

Елде қатаң карантиндік шаралар қабылданғалы екі аптадан асты. Бүгінде мемлекеттік мекемелер, құқық қорғау органдары, квазисекторлық ұйымдар, аурухана, емханалар күшейтілген тәртіпке сай жұмыс істеп жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына байланысты індетпен күрестің нақты бағыттары айқындалып, тиісті жұмыс атқарылуда.

Сә Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Тапсырмаларды орындау, аймақ халқының қауіпсіздігі үшін бас санитарлық дәрігердің қаулысымен 5 шілдеден бастап карантин режимі енгізілді. Жағдайды қайта бағамдап, халық сұранысына сай қажетті шараларды күшейту үшін облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова бірқатар ауруханалар мен емханаларды аралап, туындаған мәселелерді жедел шешу жолдарын қарастыруға тапсырма берді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында басқарма басшысы Сәбит Пазылов бірқатар аурухана мен емхананы аралау барысында туындаған мәселелерге, қолға алынған шараларға тоқталды. Айтуынша, жергілікті инфекциялық стационарларда 645, провизорлық стационарларда 1790 төсек-орын бар. Яғни стационарларда орын тапшылығы жоқ. Қажет болған

жағдайда жеке клиникалар орын босатып беруге дайын.

«Медициналық мекемелерді аралау кезінде оттегі баллондарының жетіспеушілігі басты проблемалардың бірі ретінде аталды. Ауруханаларды осы қажеттілікпен жеткілікті көлемде үздіксіз қамту үшін барлық мүмкіндікті пайдаланып жатырмыз», дейді басқарма басшысы. Қазіргі күні өңірде өкпені жасанды түрде желдетуге арналған 64 аппарат бар. Министрлікке қосымша 63 аппаратқа тапсырыс берілді. Маусым айында 20 портативті жабдық алынған болатын.

Науқастардың өмірін сақтау жолында жаны жоғарт азаматтар да аянып қалып жатқан жоқ. Демеушілер көмегімен 10 жасанды өкпе желдеткіші емдеу ұйымдарына жеткізілді.

3-бет

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

ҚОСАЛҚЫ АУРУ КЕСЕЛДІ АСҚЫНДЫРАДЫ

Жерлесіміз Мыңжылқы Бердіқожаев – ҚР Президенті іс басқармасының орталық клиникалық ауруханасы нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі. «100 жаңа есім» қатарына енген нейрохирург бүгінде қауіпті кесел – коронавируспен күреске өзіндік үлес қосуда. Тәжірибелі маман өзінің YouTube каналында вирустан сақтану және оның алдын алу жолдары жайлы бейнероликтер жүктеп, халыққа тегін кеңес беріп жүр.

Сә Мәдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»



3-бет

АҚЫЛ-КЕҢЕСКЕ АТҮСТІ ҚАРАМАЙЫҚ

Төтеннен кеп төрімізге шығып алған «COVID» кеселінің қыр-сырын білмегендіктен, бұл туралы алғашқы кезде әртүрлі пікірлердің болғаны шындық. «Ол вирус 30 градус ыстықта өліп қалады екен, ашық кеңістікте маска тағудың қажеті жоқ» деген сияқты әңгімелерге ердік. Алайда, коронавирус өлтірмесең өрші беретінін көрсетті.

Ал, біз беттерде деп жүрген медициналық маска тағудың ережесін еліміздің бас санитары А.Есмағанбетова былайша түсіндірді: «Адам бір минутта 3-4 рет бетін, көзін ұстайды және оны өздері байқамайды. Оны қадағалап жүру де мүмкін емес. Бет пен көзді кір қолмен ұстау – инфекцияны жұқтырудың бір жолы. Ал, маска ауызды, мұрынды жауып тұрады және шан-тозанның, инфекциядан сақтайды. Сол үшін көшеде де маска тағып жүру ұсынылады. Бұл коронавирус инфекциясын жұқтыру қаупін азайтады, күнделікті өмірге тезірек оралуға мүмкіндік береді». Міне, осы талым орындалмағандықтан өз аймағымызда да карантин режимінің қайта күшейтілгені белгілі.

Жарандар-ау, көзге көрінбейтін кеселмен арналыса береміз бе, неге мамандардың айтқанын орындамаймыз? Мамыражай, уайымсыз өмірге оралуға неге асықпаймыз?

Енді құзырлы орындар мыңның мүддесі үшін бірді тәртіпке шақырудың тетігін қатайтты. Маскасыз жүретіндерге айыппұл сала бастады. Бұл жағдай барлық елдерде де көрініс берді.

Францияда қоғамдық көліктің барлық түрлерінде, соның ішінде таксиде маска

тағу керек. Тәртіп бұзушыларға 135 еуро көлемінде айыппұл салынады. 1,5 метр қашықтықты сақтау және қоғамдық көліктерде маска тағу талабы Нидерландыда да белгіленген. Ережені сақтамағандарға тиісінше 400 және 90 еуро көлемінде айыппұл салынады. Мұндай айыппұлдар Еуропа елдерінің бірқатарында, ТМД елдерінде де бар.

Біздің елімізде маскасыз жүргендер 83 мың тенге айыппұл төлетіп тонау. Бірақ, кейбіреулер оған «бұл тонау ғой» деп төңірек қарайды. Маскасыз жүріп, өзімізбен бірге өзгеге де ауру жұқтырып, төсек тартқызып жатқанымыз «тонаудың» артын адам өлтіруге апарып соғатынына келте ойымызды бойлатқымыз келмейді.

Жақында Алматыда маска режимін бұзған 165 адам әкімшілік жауапқа тартылған. Анығырақ айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 425-бабы, 1-бөлігін бұзғаны үшін хаттамалар толтырылған. Бұл бапта 30 айлық есептік көрсеткіш, яғни, 83 мың 340 тенге айыппұл қарастырылған.

Абайдың сөзі еске түседі, «отқа айдасам көкөрай, бокка қашқан...». Неге өз пайдамызға, амандығымызға қарата айтылған ақыл-кеңеске атүсті қараймыз? Бұл кімге жасаған қысастығымыз? Әкемізге ме, шешемізге ме? Жоқ, болмаса, ауру тасып, ақы алатын біз жаудың ортасында жүрміз бе?

Ойланайық.

● МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, ДӘРІГЕР!

ТӘУЛІК БОЙЫ ҚАСЫМЫЗДА БОЛДЫ

Шілде айының басында Жалағаш аудандық жұппалы аурулар ауруханасына түстім. Қызуым көтеріліп, мазам қашты. Бір апта тамаққа тәбетім болмады. Үйден емделіп көрген елім, жағдайым жақсарудың орнына нашарлай түсті. Содан ауылдағы жедел жәрдем қызметін шақырттық. Олар ауруханаға алып кетті. Аудандық жұппалы аурулар ауруханасында 13 күн ем қабылдадым. Дәрігерлер «екі жақты пневмония» деген диагноз қойып, қажетті емдеу шараларына кірісіп кетті. Күн өткен сайын жағдайым жақсарып, қызуым түсті. Ас ішіп, әлсіздік пен тершеңдік басылды.

Адам жанының арашашысына айналған мамандар күндіз-түні науқастардың қасынан шықпай, қажетті ем-дом шараларын жасады. Олар үйлеріне де қайтып жатқан жоқ. Жиырма төрт сағат ем алушылардың жанында. Дәрігерлердің арқасында қаншама науқас ауруынан айығып, отбасына оралды.

Осы ретте аурухана ұжымына, дәрігерлер мен мейірімкерлері Гүлсім Каюпова, Фарида Омарова, Сұлшаш Доусыбек сынды ақ халатты абзал жандарға алғысым шексіз. Байқаным, дәрігерлер өз өмірін қатерге тіте отырып, өзгенің өмірін сақтап қалуға тырысуда.

Әрбір адам өз денсаулығына, өміріне жауапты. Індет өрішіп тұрған шақта барынша қауіпсіздік шараларын ұстанғанымыз жөн. Қоғамдық орындарға, адам көп шоғырланатын жерлер мен жиын, той сынды мерекелік кештерге баруды тоқтата тұру керек. Бұл – уақытша қиындық. Індетті еңсеріп, қайта қалыпты өмірге оралу үшін сақтық шараларына селсөк қараймыз.

Ғани ДӘУІРЖАНОВ, Акқум ауылының тұрғыны. Жалағаш ауданы

ЖАТАҚХАНАДАҒЫ ПРОВИЗОРЛЫҚ СТАЦИОНАР

Эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты Қызылорда қаласында провизорлық стационарлар ашылды. Қазір облыс, қала әкімі, облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйғарымымен Қорқыт ата университетінің №5 жатақханасында 360 емделушіге арналған провизорлық орталық құрылып, жұмыс істеуде.

Сә Айлана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Өкпе қабынуы, пневмонияға шалдыққан науқастарды емдеуге арналған бұл провизорлық стационар облыстық психикалық денсаулық орталығының базасында ашылып отыр. Қазір мұнда 255 сыртат ем алууда.

Стационарға науқас тәуліктің қай мезгілінде келіп түссе де, ең бірінші өкпесі рентген қырлығы арқылы тексеріледі. Алдымен ең төменгі қабаттағы фильрге орналастыры-

лып, коронавирус инфекциясы бар-жоғын анықтайтын тест алынады. Егер сырқаттың талдамасы теріс болған жағдайда, стационарда қалдырылып, жоғарғы қабаттағы палаталардың біріне орналастырылады. Егер талдама оң нәтиже көрсетсе, науқас қала бойынша екі үлкен инфекциялық стационардың біріне жеткізіледі.

Бұл емдеу орнында заманауи рентген құрылғысы, сондай-ақ, коронавирус

инфекциясына талдама алатын лаборатория бар. Алғашқы уақытта ІПТР тест қорытындысы 3-4 күнде келсе, қазір бір тәулікте жетпейтін уақытта нәтиже шығарылады.

— Провизорлық стационарда орталықтандырылған оттегі болмағандықтан, бастапқы кезде баллон пайдаландық. Қазір оттегі концентраторын әр палатаға орналастырып жатырмыз. Бүгінде мұндай 17 аппарат бар. Бұрын жеделсаты болмағандықтан, оттегіні 4-5 қабатқа көтеру қиындық тудыратын. Бірақ жаңа аппараттар қолданыла өте қолайлы, портативті. Бір мезетте екі науқасқа оттегі береді, — деді облыстық психикалық денсаулық орталығының директоры Әділбай Медетбаев.

3-бет





НАҚТЫ КӨРІНІСТІ ЖАСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

– Ауру жұқтырған адамдардың санын анықтаудың төмендігі – жергілікті жерлердегі лабораториялардың тиімсіз жұмысының нәтижесі. Мұны нақты көріністі жасырып қалу деп бағалауға да болады. Үкіметке аймақтар арасындағы тестілеу нәтижесін реттеуді қатаң бақылауға алуды тапсырамын. Біз ешнәрсені жасырмауымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде жұқпалы ауру жұқтырған азаматтарға арналған төсек-орындар көбейген. Бірақ бұл өзге медициналық қызмет көрсету орталықтарын жабудың есебінен артып отыр. Соның салдарынан азаматтарға медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі төмендеп кеткен. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдерге созылмалы ауруы бар азаматтарға, сондай-ақ, жүкті әйелдерге жоспарлы медициналық көмек көрсетуді кезек-кезеңімен қалпына келтіру жөнінде тапсырма берді.

Президент ауыр дертке шалдыққан азаматтардың саны көбейіп кеткеннен кейін ауруханаларды өттегімен қамтамасыз ету мәселесінің күн тәртібіне шыққанын айтты.

– Мемлекеттік органдардың тарапынан үйлестіру жұмыстары дұрыс жүргізілмегендіктен, халық бұл мәселені өз бетімен шешуге талпынуда. Бұл ешқандай қиынға сай келмейді! Азаматтар өндірістік баллондарға құйылған оттегі сатып алып жатыр. Бұл – ауруханалардың тікелей міндеті. Жеке үйлер мен пәтерлерде өндірістік баллондардағы оттегіні пайдалану деректері анықталған. Үкімет пен әкімдер бес күн ішінде ауруханаларды өттегімен қамтамасыз ету және үй жағдайында оттегі баллондарын пайдалану проблемаларын шешуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қалалардағы ахуалды тұрақтандырамыз деп ауыл тұрғындарын ұмытып кетпеуіміз керек екенін атап өтті. Өйткені халқымыздың жартысына жуығы ауылдық жерлерде тұрады. Бүгінде ауылдағы азаматтар үшін диагностика және емдеу шаралары қолжетімді емес екенін айта келе, Қасым-Жомарт Тоқаев оларға қарапайым дәрі-дәрмектің жетпей жатқанына тоқталды.

– Ауыл-аймақтарда медицина кадрларының тапшылығы және қажетті инфрақұрылымның жоқтығы 1-бет

жығылғанға жұдырық болып отыр. Үкімет 2300 әмбебап мобильді бригаданың жасақталғанын баяндады. Алайда олар, негізінен, қала тұрғындарына ғана қызмет көрсетеді. Ауылды назардан тыс қалдыруға болмайды! Үкіметке өңірлермен бірлесіп, барынша қысқа мерзімде ауылдарды диагностика және емдеу ісімен, сондай-ақ, қажетті дәрі-дәрмекпен, медициналық құрылғылармен қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы кейбір пысықтар пайда табу үшін барлық адамгершілік қағидағарды аттап өтіп, халықты алдау мен бопсалаудан тайынбай отырғанын жеткізді. Мәйітханалар мен жерлеу қызметінде сорақы тірліктер жасалып жатыр.

– Сонғы екі аптада мәйітті тасымалдау және жерлеу үшін төленетін ақы қатты өсіп кеткен. Мұны көпшіліктің қалтасы көтере бермейді. Әкімдерге бір күн ішінде «жерлеуден жемтік іздегендерді» жөнге келтіруді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы дертке шалдығушылар санының артуы, коронавирус рейтингіне ғана емес, Қазақстанның инвестициялық ахуалына, туристік әлеуетіне және елімізге тартылатын жана технологияларға да кері әсер ететінін атап өтті. Үкімет барлық сын-кәтерлерді жою үшін бұл жағдайды өзінің жұмыс жоспарында ескеруі керек.

Қазақстан Президенті пандемия кезіндегі кез келген қате шешім, бюрократиялық кедергілер, жауапкершіліктен бас тарту жүздеген адамның өмірі мен денсаулығына зиян тигізуі мүмкін екенін баса айтты.

Жиын соңында Мемлекет басшысы коронавирус жөніндегі барлық дерек, оның ішінде, статистикалық мәліметтер Үкіметтің айрықша құзыретінде болуы қажет екенін мәлім етті. Өйткені бұл жекелеген адамдардың жалған ақпарат таратып, қоғамды адастырудан сақтайды.

Отырыста Премьер-Министрдің орынбасары, Ведомствоаралық комиссияның жетекшісі Ералы Тоғжанов, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев, Алматы қаласының әкімі Бакытжан Сағынтаев, Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов есеп берді.

ҚАМҚОРЛЫҚ – ДӘТКЕ ҚУАТ

Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова мен ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бактиярұлы облыс орталығындағы бірқатар денсаулық сақтау нысандарын аралады.

Облыс әкімі мен Сенат депутаты алдымен облыстық көпбейінді ауруханаға барды. Палаталарға кіріп, сырқаттардың жағдайларын білді. Аталған ауруханада 525 төсек орны бар, одан бөлек инфекциялық наукастарға арналған қосымша 30 төсек-орын әзірленген. Облыс аумағында коронавирус инфекциясымен ауырғандарды және олармен қарым-қатынаста болғандарды бақылау мақсатында эпидмаусым басында барлығы 760 төсек орын ашылған болатын.

Эпидемиологиялық ахуалға байланысты мұндағы төсек-орны ұлғайтылып, 2410-ға жеткізілді. Оның ішінде инфекциялық төсек саны 620 орынды құраса, провизорлық төсек-орын саны – 1 790.

Нақты кезеңде облыс бойынша 64 ИВЛ аппараты жұмыс істеп тұр. Оның 6-уы облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында. Алайда бұл жеткіліксіз. Айта кетейік, таяуда кәсіпкерлер тарапынан қолдау көрсетіліп, қосымша 13 аппарат жеткізілген. Бұдан басқа, ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне 63 ИВЛ аппаратын алдыртуда өтінім берілді. Сондай-ақ, жуырда жергілікті кәсіпкерлер 32 өттегі кон-

центраторын алды. Оның 15 данасы аудандарға, 10 данасы облыстық жұқпалы аурулар және 7-уі қалалық ауруханаларына берілді.

Мұнан соң Гүлшара Әбдіқалықова мен Мұрат Бактиярұлы «Зерде» дәріханасына барды. Айта кетейік, «Зерде» ЖШС-ның облыс орталығында 3 дәріханасы бар. Аталған дәріханаларға аптасына екі мәрте қажетті дәрі-дәрмек жеткізіліп, толықтырылып отыр. Жұма күні дәріханалар желісіне халық көп іздеп жүрген эуфиллин, С витамині, сума-мед, ципролет, В витаминдер кешені, мильгамма, реамберин, полиоксидоний, офло және т.б. дәрілік заттар келіп түсті.

Еске салайық, 8 шілдеден бастап облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті мен өзге де құзырлы органдар және қоғам белсенділерінен құрылған мониторингтік топ жұмыс істеуде. Олар осы күнге дейін 8 емхана, 50-ден аса дәріхана мен СК «Фармация» ЖШС дәрілік қоймасына мониторинг жүргізді.

Одан кейін, өңір басшысы мен



Сенат депутаты облыстық жұқпалы аурулар мен қалалық аурухананың және №6 емхананың жұмыстарымен танысты. Науқастарға амбулаторлы жағдайда медициналық көмек көрсету және динамикалық бақылауды қажет ететін науқастарды үй жағдайында бақылау үшін №6 емхана жанынан мобильді топ жұмыс жасауда.

Жалпы, қазіргі таңда облыс бойынша 125 мобильді топ бар. Оның 33-і қалада, 28-і аудан орталықтарында

және 64-і елді мекендерде халыққа қызмет көрсетуде. Мобильді топ құрамына 1 дәрігер, 1 орта буын қызметкері және 1 жүргізуші кіреді. Мұнан бөлек, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен осы жылдың 13 шілдесінен бастап пневмония диагнозы қойылып, амбулаторлы емді қажет ететін науқастарға «Үй жағдайындағы стационар» қызметі қосылды.

«СБ» ақпарат

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қаладағы дәріханаларды аралап, жоспардан тыс тексеріс жүргізді.

ЖОСПАРДАН ТЫС ТЕКСЕРУ НЕ КӨРСЕТТІ?

Аймақ басшысы дәріханаларға дәрі іздеп келген қала тұрғындарымен кездесіп, мәселелерін тыңдады. Тұрғындардың айтуынша, кейбір тұтынушылар дәрі-дәрмекті шектен тыс көп алуынан нағыз науқастарға керек уақытта дәрі жетпей қалуға. «Бүгінде дәрі тапшылығы сезілуінің бір себебі – осы» дейді олар.

Облыс орталығындағы Г.Мұратбаев №76 мекен-жайындағы «Europharma», «Шұғыла» шағын ауданы №19 мекен-жайындағы «Доктор плюс», Яссауи көшесі №24 Б мекен-жайындағы «Farmcity» дәріханаларына арнайы барған облыс әкімі вирусты емдеуге қажетті препараттардың бар-жоғын

нақтылады. Осы күні дәріханаларда сұраныстағы дексаметазон, ингавирин сияқты дәрілер мен дәрумендер және дене қызуын өлшеуші құрылғылар тапшылығы сезілді. Аймақ басшысы қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен дәріхана иелеріне тез арада дистрибьюторлармен байланысқа шығып, мәселені шешуді тапсырды.

Айта кету керек, қазіргі күні облыс әкімдігі тарапынан кәсіпкерлермен қажетті дәрі-дәрмек алу жөнінде келісімдер жасалды. Нақты кезеңде қаламыздағы ірі дәріхана желілеріне дәрілер жеткізіле бастады.

«СБ» ақпарат

● САПАР

ЭПИДАХУАЛ ТҰРАҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың тапсырмасымен жұмыс сапарымен Жалағаш, Сырдария аудандарында болды. Ол елді мекендердегі денсаулық сақтау саласындағы коронавирустың инфекциясымен күрес деңгейімен және «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»



Жалағаш аудандық ауруханасы жанадан салынып жатыр. Сондықтан, аудан көлеміндегі науқастардың барлығын Мәдениет ауылдық ауруханасы қабылдайды. Мұнда қазір коронавируспен ауырған науқастарға инфекциялық 25 төсек-орын, провизорлық 80 төсек-орын дайындалған. Қазір аталған дертпен күресте 3 терапевт, 2 реаниматолог, 1 инфекционист, 18 мейірбике, 1 зертханашы және 18 кіші аяжан, барлығы 43 медициналық қызметкер жұмылдырылған. Аталған нысандағы облыс әкімінің орынбасарына аудан әкімі Асылбек Шаменов, аудандық аурухананың бас дәрігері Баян Боранбаева таныстырды.

– Аудандық аурухананың инфекциялық төсек орынында 5 наукас емделуде, 2 наукас қайтыс болды. Сонымен қатар, провизорлық стационарда жатқан COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастармен тікелей байланыста болған 96 наукас ем алып шықты. Қазіргі таңда 64 наукас ем алуға, ал карантиндік стационарда 293 азамат бақылауда болған, – дейді аудандық аурухананың бас дәрігері.

Ауруханада қазір өкпені жасанды желдететін 2 аппарат бар. Оның біреуі провизорда болса,

міндеттеріңізді атқарудасыздар. Ел сіздердің қоғамдағы орындарыңызды білді. Біздің сіздерге құрметтіз зор, – деді С.Ахмет.

Мәдениет ауылдық клубы мамыр айынан бастап дәрігерлерге арналған жатақхана ретінде қолданылып келеді. Қазір клубта дәрігерлер, мейірбикелер, кіші аяждандар, барлығы 38 адам орналасқан. Облыс әкімінің орынбасары медицина мамандарына жасалған жағдаймен де танысты.



Жұмыс сапары жанадан салынып жатқан аурухана құрылысында жалғасты. Мұнда да барлық талаптар сақталған. Құрылыс алаңында 3 қабатты аурухана ғимараты, асхана блогы, жылу қазандығы, 4 автокөлікке арналған гараж, трансформаторлық подстанция, ДЭС, демалыс алаңдары, қоқыс төгетін алаң орналастырылатын болады. Бүгінгі күнге аурухана ғимаратының құрылысы бойынша үшінші қабатының қиыш қалау жұмыстары, төбе жабыны жұмыстары аяқталған. Қасбетін қаптау, ішкі өрлеу, инженерлік желілерін жүргізілуде.

Сонымен қатар, облыс әкімінің орынбасары сапар барысында ауданда «Жұмыспен қамтудың жол картасы» арқылы жүзеге асырылып жатқан бірқатар жобалармен танысты.

Мемлекеттік бағдарлама аясында Жалағаш ауданында 18 жоба бар. Серік Ахмет «Нарексен» спорт клубы мен Мәдениет және дамыту орталығындағы жөндеу жұмыстарымен танысты.

Облыс әкімінің орынбасары



Серік Ахмет Сырдария ауданында Тереңөзек кентінің клубына ат басын тіреді. Нысан «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жөндеуде. Клуб меңгерушісі

ты.

– Медициналық нысандардың барлығына қолдан келген көмекті аянып қалмаймыз. Кәсіпкерлер мен еріктілер де белсенді танытуда. Медицина мамандары

лестік өкілдері жиналды. Олар облыс әкімінің орынбасарына елдегі қиын жағдайда жұмыла жүк көтеріп жатқанын, кәсіпкерлердің демдеуі жайлы айтты.

– Мен асхана кәсібімен ай-

мүмкіндік болар еді, – деді аудан әкімі Руслан Рүстөмов.

Жалағаш, Сырдария аудандары



Суреттерді түсірген Нұрболан НҰРЖАУБАЙ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

17 шілде 2020 жыл

№18

Қызылорда қаласы

2020 жылдың 03 шілдедегі Қызылорда облысы Бас санитариялық дәрігерінің «Қызылорда облысы бойынша қатаң шектеу және карантиндік шараларды енгізу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 7-1-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, 150-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №239 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 03 шілдедегі «Қатаң карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы» №44 Қаулысына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2020 жылдың 03 шілдедегі Қызылорда облысы Бас санитариялық дәрігерінің «Қызылорда облысы бойын-

ша қатаң шектеу және карантиндік шараларды енгізу туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

2 тармақтың 12) тармақшасы келесі 12) және 12.1) редакциясында жазылсын:

«12) жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарларының қызметіне тыйым салуды;

12.1) 500 м² артық азық-түлік емес дүкендердің тек жеткізу қызметіне рұқсат беру:»;

2 тармақтың 16) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«16) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, уақыт бойынша шектеу және қызметті барынша онлайн форматта көрсету арқылы ХҚКО-ның жұмысын ұйымдастыруды;»;

2 тармақтың 17) тармақшасы келесі ре-

дакцияда жазылсын:

«17) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, уақыт бойынша шектеу және қызметті барынша онлайн форматта көрсету арқылы «Қазпочта» АҚ-ның жұмысын ұйымдастыруды;»;

3 тармақтың 4) тармақшасын алып тастауды.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

А.Абдикаимова.

Жатақханадағы провизорлық стационар

Стационар жетекшісі облыс, қала әкімдігі өкілдерімен бірге қаланы аралау барысында провизорлық стационар жасақтау үшін осы жатақхананы арнайы тандап алғандарын атап өтті.

Ең бастысы, бес қабатты бұл ғимарат соңғы үлгіде салынған. Ұзын дәліздері қызметкерлерге ыңғайлы әрі кабинеттер де пациенттерді орналастыруға қолайлы. Жеке душ, әжетханамен қамтылған. Орталық ашылған бірінші аптада дәрі-дәрмек тапшылығы байқалып, керек препараттарды орталықтың дәрілік қорынан алдық. Екі-үш күн ішінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы қаладағы арнайы қоймадан дәрі-дәрмек,



жеке сақтандыру киімі сынды қажетті жабдықтардың бәрін жеткізді. Гуманитарлық көмек арқылы келген дәрі-дәрмектер де үлестірілуде. Қазір 4 санатқа бөлінген дәрілер, яғни антибиотиктер, гормон, қан ұйып қалмауы үшін, сондай-ақ, оттегі жеткізу үшін қолданылатын

препараттар бар. Ал аса қажетті оттегі тасымалдауға кәсіпкерлер қол ұшын созуда, — деді стационар жетекшісі.

Стационарда 1 шілдеден 16 шілдеге дейін 97 қызметкер қызмет атқарды. Жатақхана негізінен 400 орынға арналған болса, оның 360-ы сырқаттарға

арналған. Ал, қалғанында медицина қызметкерлері орналасып, нысанның бесінші қабатының бір бөлігінде жұмыс істеуде. Талапқа сәйкес, медицина қызметкерлерінің сыртқа шығуына болмайды. Бүгінде олардың жатын орны, үш мезгіл тамақ беру мәселесі шешілген. Сондай-ақ, кәсіпкерлер мен волонтерлар, қала тұрғындары дәрігерлердің имунитетін көтеру мақсатында шұбат, түскі аспен қамту жұмыстарын жүргізуде. Көпшіліктің ақ халат-тыларға деген ғиызылық сезіміне, қамқорлығына шектеу жоқ, әрине.

Айта кетерлігі, провизорлық стационар тек қала тұрғындарына арналмаған. Мұнда облыстағы жеті аудан және Байқоңыр қаласы тұрғындары да дертіне дауа таба алады.

ҚОСАЛҚЫ АУРУ КЕСЕЛДІ АСҚЫНДЫРАДЫ

Дәрігердің айтуынша, вирусты бір адамнан екі немесе одан көп адам жұқтырады. Мұның қауіптілігі де осында. Инфекция 3,5 процент жағдайда адам өліміне алып келеді. Егде жастағы адамдар ауыр қабылдайды. Сондықтан қазір қарттарға ерекше көңіл бөліп, күтім жасау керек.

Алғашқы симптомдар әрі қарай өршімесе және температура 7 күннен артық көтерілмесе, онда алаңдаудың қажеті жоқ. Бұл бірден антибиотик қабылдап, компьютерлік томографиядан өтуге себеп емес. Адам 2-3 күн бойы симптомдардың күшейіп жатқанын немесе қайта пайда болғанын байқаса, онда бұл өкпе қабынуының белгісі болуы мүмкін. Бұл жағдайда зерттеу жүргізу мен емдеу әдісін ауыстырып, қандай да бір терапияны кеңейту маңызды, — дейді М.Бердіқожаев.

Дәрігер індеттен қорғандық жолымен де бөлісті. Оның айтуынша, жеке гигиеналық талаптар әр азаматтың өмір сүру салтының бір бөлігіне айналуы тиіс. Қолды кемінде 20 секунд сабынмен жуу, көп адам шоғырланған жерде беттерде тағу, антибактериалды ерітінділермен қолды жиі өңдеп отыру, түшкіру, жөтелу кезінде респираторды этикет қағидаларын сақтану керек. Имунитетті жоғарылатуға арналған шараларды ұстану, күндізгі және түнгі ұйқының балансын сақтау, дәрумендерге байытылған дұрыс тамақтану рационаны көңіл болу, стрестік жағдайлардың мейлінше алдын алу, спортпен шұғылдану және барынша позитивті көңіл-күйді сақтауға талпыну керек. Дәрумендерге бай таңқурай, қаракат сынды жеміс-жидектерді тұтынуға болады.

Егер сізде артериалды гипертензия, қант диабеті, семіздік, созылмалы жүрек, өкпе ақаулары сынды қосалқы аурулар бар болса, онда емдеуші дәрігер жазып берген негізгі ем жоспарын тоқтатпау қажет. Ал егер COVID-19 ауруына шалдығып, ауруханаға жататын болсаңыз, қосалқы аурудан қабылдап жүрген дәрі-дәрмектеріңізді өзіңізбен алып жүргеніңіз жөн. Себебі, індеттің асқинуына қосалқы ауру себеп, — дейді ол.

Мыңжылқы «Болашақ» бағдарламасымен Санкт-Петербургтің С.Киров атындағы Ресей әскери-медициналық академиясындағы клиникада тәжірибеден өткен. Нейрохирург 2004 жылдан бері өзінің тікелей қатысуымен 3200-ден астам ота жасаған. Оның ішінде ми тамырларына жасалатын ең күрделі оталар Қазақстанда 2008 жылы енгізіле бастаса, алдымен елордадағы Ұлттық нейрохирургия орталығында қолға алынды.

1-бет

Жедел жәрдемге жүтінушілер азайды



Қайырымдылық қорлары, кәсіпкерлер мен еріктілер апта басынан бері 34 оттегі концентраторын, 60 оттегі редукторын алып берді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен алынған 14 оттегі концентраторы провизорлық стационарлардың пайдасына жарап тұр. «Шұғыла» қоғамдық қоры осындайдың 190-ын жеткізіп бермек. Олқылықтың орнын толтыру мақсатында облыстық көпбейінді аурухана жанынан оттегі баллонын өндіретін цех салынбақ. Ол үшін өңірлік бюджеттен 80 млн тенге қаржы бөлінді.

«Аталған медициналық құралдарға тәуелділік азайды. Мәселен, шілде айының басында көпбейінді қалалық ауруханада күніне 170 оттегі баллоны керек болса, бұл қажеттілік қазіргі кезде 2 есеге төмендеді. Дәрі-дәрмек жөнінен де мәселе жоқ. Вирусқа қарсы препараттар бар. Дистрибуторлар тапсырыс берілген көлемді толығымен жеткізбеген еді, ол да жолға қойылды», — дейді С.Пазылов.

СК «Фармация» тарапынан медициналық стационарлар мен дәріханаларда дәрі-дәрмек қоры жасақталды. Дәрілік заттардың шекті бағасы «Dagi.kz» мобильді қосымшасында көрсетілген. Басқарма басшысы бағаның ретсіз өсуіне байланысты мәселе туындаған жағдайда аталған қосымша арқылы электронды түрде немесе 04-00-01, 109 (жедел желі) нөмірлеріне

хабарласуды сұрайды. Жедел желі тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді.

Жедел жәрдем қызметкерлерінің де жұмысы қалыпқа келе бастаған сияқты. Эпидемиологиялық ахуал күрделенген уақытта тәулігіне түсетін шақырту саны 2,5 мыңнан асып жығылған еді. Қазір жағдай тұрақталып, жедел жәрдемге жүтінушілер саны 2 есе азайды. Оның ішінде дене қызуының көтерілуіне байланысты 3, пневмониямен шағымданушылар деңгейі 2,2 есе төмендеді. Сөйтіп, телефонға 1200-1300-дей қоңырау түседі.

Құрамында дәрігер, орта буынды медицина қызметкері мен көлік жүргізушісі бар 125 мобильді топ бүгінде науқастарды үй жағдайында бақылауға алды. 13 шілдеде амбулаторлы ем қажет ететін пневмонияға шалдыққандарға арнап «Үй жағдайындағы стационар» қызметі қосылды. Олар №1, 6 қалалық емхана, «Сенім» ЖШС, Арал, Қармақшы, Жаңақорған аудандарында «Қазалы теміржол» серіктестіктерінде жұмыс істеп жатыр.

Басқарма басшысы тұрғындарды карантиндік шектеулерге түсіністікпен қарап, сақтық шараларына ерекше ден қоюға шақырды. «Ең бастысы, ақ халатты абзал жандардың ерлікке тән еңбегіне қолдау білдіріп, емдеу мекемелерінде ем алып жатқан науқастардың аман-есен ортамызға қосылуына тілеулес болайық! Біздің басты байлығымыз — халықтың денсаулығы және өмірі» дейді ол.

1-бет

Сансызбай ҚҰТТЫБАЙҰЛЫ



Белгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Арал ауданының құрметті азаматы Сансызбай Құттыбайұлы 73 жасында өмірден озды. Сансызбай Құттыбайұлы 1947 жылы Арал ауданында дүниеге келген. 1970 жылы Қазақ Мемлекеттік ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдаған.

1980-1994 жылдар аралығында түрлі басшылық қызметтерді атқарды.

Қазақстан Республикасы мен Иран, Түркия, Қытай мемлекеттері арасында алғашқы болып, автокөлік қатынасын жолға қою жөніндегі мемлекетаралық меморандум, шарттар жасауға қатынасты.

С.Құттыбайұлының халқының рухани байлығын жоғалтпауға жасаған еңбегі де бір төбе. Қызылордада алғашқы «Қазақ тілі» қоғамын құруға атсалысып, қоғам президиумының мүшесі болып сайланды. Кейін «Арал-Азия-Қазақстан» халықаралық

күрушылардың бірі және сол клубтың мүшесі болды.

Сансызбай Құттыбайұлы — «Алты ата Әлім» кітабы авторларының бірі. Кейін «Бүйрат», «Ақ шағыл», «Ұшан теңіз, ұлы құм», «Қырық жол» атты жыр кітаптары жарық көрді. Одан бөлек, ғылыми жұмыстарына байланысты 3 монографиясы, 16 ғылыми-зерттеу мақаласы жарық көрген.

Еліміздің дамуына қосқан зор үлесі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалмен және бірқатар Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Сыр елінің перзенті, еліміздің автокөлік секторы мен мәдени-рухани саласының дамуына үлес қосқан Сансызбай Құттыбайұлының ғыратты ғұмыры мен онегелі өмір жолы ел жадында ұзақ сақталатын болады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кенес пен Ардагерлер кеңесі

Кендебай СЕЙІТОВ



Көғамда өзін-өзі үнемі қамшылап отыратын, жұрттың алдында жүретін, елді жақсы істерге бастайтын адамдар болмаса, ұлттың келешегі де бұлыңғыр. Осындай арда азамат, ұзақ жылдар білім саласының абыройлы қызметкері, зейнетке шыққаннан кейін осы саланың ардагері болған Кендебай Сейітовтің алдынан мыңдаған шәкірт білім мен тәрбие алып, ол кісінің ұлағатын жалғастырады.

Кендекеннің өмір жолы еңбек жолы кейінгі буын, бүгінгі жас ұрпаққа өнеге болып қалады.

Әр адамға шыр етіп дүниеге келгенде пешенесіне жазылған дүниелер болады дейді. Кендекен туралы айтсақ, шүкір жаман өмір сүрген жоқ. Әзі жүрген, қызмет жасаған ортасы ең ағаларынан бастап замандаз, әріптестерінен үлгі-өнеге, тәжірибе алып, осындай абыройға бөленді. Үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысып кететін, елзексе, іскер, білімді, парасатты әріптес дос, әулетінің алып бәйтерегі, немерелерінің сүйікті абыз атасы Кендекен туралы көп айта да, жаза да беруге болады. Болашақта Кендекен туралы еңбектер жарық көретініне сенім мол.

Адам жақсылыққа, қызыққа тойған ба, әл де болса балалары мен немерелерінің алдында солардың қызығын көріп жүре тұрғаны жақсы-ақ еді, дегенмен жазмыштан озған бар ма! Кендекеннің иманы жолдас, жаны жәннатта болсын.

Білім саласының ардақты ардагері, елдің сыйлы азаматы Кендебай Сейітовтің жарқын бейнесі оны білетін барша азаматтардың, әріптестерінің, шәкірттерінің, жақындарының есінде ұзақ сақталатын болады.

Қызылорда облыстық білім басқармасы, Қызылорда облыстық және қалалық ардагерлер кеңесі, Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович 2020 жылдың 18 сәуірінде қайтыс болған азаматша Талқанбаева Жұман Ахантаевның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, яғни мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 14 32, 8 778 235 08 08.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес, «Торгово-Транспортная Компания» ЖШС мемлекеттік экологиялық сараптамаға «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша «Түркістан облысы Созақ ауылындағы ПВ-19 Қыземшек кенті автожолына күрделі жөндеу жұмыстары» жұмыс жобасы ұсынылады. Нысандар бойынша ақпарат алуға және өз пікірін білдіруге барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мүмкіндік беріледі. Байланыс тел.: +7 705 182 52 03; +7 705 677 63 23.

Хабарлама

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-52-02) «Отүстік-Батыс Қарабұлақ кенішіндегі №15 ұңғымасының электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, университеттің профессоры Бисенов Қылышбай Алдабергеновтың жездесі

Сейітов Кендебай Сейітұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес пен Ардагерлер кеңесі темір жол саласының құрметті ардагері, облыстық Ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі

Қазбек Рахметовтің қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Тұтынушы таңдауы – «Тоғжан»

Вирустан қорғанудың бірден-бір тәсілі – қорғаныш бетпердесі. Медициналық маска жұқпалы аурулардан қорғайтынын жақсы білеміз. Ал ол осыдан 100 жыл бұрын «испан тұмауы» кеңінен тараған кезде пайда болған деседі. Дәл осы медициналық бетпердеден тапшылық болған сәтте Шиеді ауданындағы «Тоғжан» тігін ательесі бетперде тігуді қолға алған болатын.

– Біз былтырдан бері аграрлы-техникалық колледж-бен әлеуметтік-әріптестік аясында келісімшарт жасаған болатынбыз. Тігінші мамандарды іс-тәжірибеден өткізіп те тұрамыз. Қысылтаяң кезде бетперде тігуді қолға алуды жөн санадық.

Елде төтенше жағдай жарияланған кезде бастапқыда күніне 2000-3000 бетперде тіккен. Дәл қазіргі сәтте 10000 бетперде дайын тұр. 15 адамды жұмыспен қамтып отыратын ательеде 1 данасын 70 теңгеден тігіп, аудандағы дәріханаларға ұсынуда. Одан бөлек, кез келген тапсырысты киім, перде сынды тұтынушылар қалауын орындайды.

Қазақтың ұлттық киімдері қыз-келіншектердің ажарын ашатыны сөзсіз. Алайда ою-өрнекпен өрнектелген ұлттық киімді тек Ұлыстың ұлы күні киетіміз жасырын емес.

Тігінші Тоғжан осы олқылықтың орнын толтырып, қазақы нақыштағы киімдерді күнделікті киюге ыңғайлап тігуде.

Оның қолынан шыққан киім қонымды әрі жарасымды бола қалады. Ательеде ұлттық киімдер, той көйлектері, көрпе-көрпеше, қыз жасауы әзірленеді. Сонымен қатар, аудан өнерпаздарының сахналық киім үлгісін де ойластырады. Қысқасы, көңіл қалауыңыздағы дүниені ерекше дизайнмен үйлестіреді. Содан болар, халықтың таңдауы осы тігін ательесіне түседі.

– Тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру үшін үнемі ізденіс, тың идея қажет. Түстердің үйлесімділігі, адамның дене пішініне лайықты стиль, әдемі әшекей таңдаудың өзі үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Ал киімді сәндеу ерекшелігін баса көрсетіп, бұ-



йымды безендіріп әрлендіре түсетін таспаларды, бауларды, желбіректер мен әліптеулерді, жиектеулерді, бүрме, қатырма тігістерді қолдануды ателье тігіншілері жетік меңгерген. Қазіргі кезде дайын көйлекті сатып алғаннан гөрі, қазақы нақыштағы оюлар салынған киімдерге сұраныс көп, – дейді Тоғжан Мұсаева.

Алдағы уақытта үлкен тігін фабрикасын ашуды мақсат еткен ісмер өткен жылы 40 қыз-келіншекті жұмыспен қамту орталығы арқылы қысқа



мерзімде оқытып, тігіншіліктің кыр-сырын үйреткен болатын. Ине ұстап, мата киноды меңгерген олардың жартысынан көбі қайтарымсыз грант алып, жеке кәсіптерін бастап та кетті.

Жоғарыда атап өткендей ұлттық киімдерді қайта жаңғыртып, сұранысқа лайықтап қайта тігуді қолға алған «Тоғжан» ательесінің тігіншілері 1 күнде 10 дана көйлек тігіп шығады. Бағасы үлкендерге 15 мыңнан басталып 200 мыңға дейін барады. Ал

Гүлнәр ДҮЙСЕБАЙ, Шиеді ауданы

Тәулігіне 1 тонна

Өңірде «Keremet-et» брендімен танымал жартылай дайын өнімдер сұранысқа ие. Қала тұрғыны Айдос Алменов бұл кәсіпті 2017 жылы бастаған. Бүгінде нарық әлемінде қанаты қатайған кәсіпорын тәулігіне 1 тонна ет өнімін өндіреді. Мұнда 40-тан астам адам жұмыс істейді.

Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»



Кәсіпорын аймақтағы 250 сауда орнына тұшпара, фарш, тефтель, фри-каделька, котлет тәрізді жартылай дайын өнімдер өткізіп отыр. Айдос Алменов 2008 жылдан бастап ет сатумен айналыса, араға тоғыз жыл салып кәсібін кеңейтті. Ет өнімдерін өзі өндіруге шешім қабылдап, ол үшін 2019 жылы «Ресей жинақ банкі» арқылы 30 млн теңге несие алды. «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы мемлекеттің қолдауымен пехты іске қосты.

– Үкімет қазіргі төтенше жағдай кезеңінде шағын және орта бизнеске ерекше мән беріп, қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру, бизнесті тексеруді азайту, сондай-ақ, салықтық жеңілдіктер беру мүмкіндіктерін қарастырды. Мемлекеттің бұл қолдау шараларының шапағатын көріп отырған

кәсіпкерлердің бірімін. Мұндай жеңілдіктер қазіргі бизнестің тоқырау кезеңінен өтіп, қайта қалыппа келуіне үлкен мүмкіндік береді. Отандық өндірісті дамыту мақсатындағы «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы бүгінде өңір кәсіпкерлеріне өз тиімділігін көрсетуде, – деді А.Алменов.

Биыл мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың 1,5 мыңға жуық бастамасын гранттармен, шағын және орта бизнестің 500-ден аса жобасын жеңілдетілген несиелермен қамтамасыз ету көзделіп отыр. Бұл өз кезегінде өңірімізде шағын және орта бизнес-те жұмыспен қамтылғандардың санын ұлғайтуға, өнім көлемін арттыруға, жалпы өңір экономикасының одан әрі дамуына өзіндік ықпалын тигізбек.

Еріктілердің еңбегі



азаматтық парыз санаған ерікті жастар бұл игі ісін тоқтатқан жоқ.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Жуырда облыстық «Жастар ресурстық орталығы» жанынан әлеуметтік дүкен жұмысын жанауша бағытта жандандырды. Ондағы қор қаладағы қолы ашық тұрғындардың көмегімен вирусқа қарсы дәрі-дәрмектермен толықты. Оның ішінде қала дәріханаларында бастапқы уақытта тапшы болған парацетамол, С витамині, дексаметазон, дисоль, натрий хлорид, эуфиллин, тағы да басқа препараттар болды. Екі апта көлемінде жалғасқан қайырымдылық акциясында 200-ден аса дәрі-дәрмек үлестірілген. Ал, оны таратуға автоволонтерлер қозғалысының септігі зор.

– Пандемиямен күрес кезінде орталық тарапынан қажетті шаралар қолға алынды. Игі істерде Сыр еріктілері фронт-офисінің үлесі бар. Олар тегін дәрі-дәрмектерді жеткізіп, 55 оттегі баллонын толтырып, ауруханаларға тасымалдады. Қуантарлықты, өз еркімен қолға алғандары тигізуді көздейтін еріктілердің қатары артып келеді. Қала тұрғындары автоволонтерлікке шақырылып, олардың тізімі жасалды. Қазіргі таңда 20-ға жуық автоволонтер белсенділігін танытып, көмек көрсетуде. Олардың ішінде Темірлан Жұбан, Данияр Шеров, Сағатбек Синоов, Бақытжан Жақсылық секілді жақсылыққа ұмтылған жастарға алғыс білдіреміз. Олар инфекция тарала бастағанда әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға бетперде мен антисептик құралдарын, азық-түлік пакеттерін таратуға атсалысқан болатын, – деді орталық директоры Бауыржан Мастеков.

Өңіміз барысында орталықта



психологиялық шұғыл желі де іске қосылғанын білдік. Ахуалдан қажыған кез келген тұрғын хабарласып, психологтің көмегіне тегін жүгінуіне мүмкіндік бар. Анонимділік сақталды. Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымының ұлттық тренері, облыстық «Жастар ресурстық орталығының» волонтері Жұлдиз Төреәліқызының жетекшілігімен де карантин уақытында қажымаудың, үрей мен уайымға салынбаудың жолын қамтыған онлайн вебинар жүргізіліп, оған 60-қа жуық тұрғын қатысқан. Шынында, қазір еріксіз үйіне қамалғандардың бірі жалғыздықтан жабырқаса, енді бірі ұйқысы қашып, алдағы уақытта не болады деп уайымға салынады. Ал, жағымсыз жаңалықтарды жүрегіне жақын қабылдайтын адамдарға психо-

лог ақпарат ағынын барынша азайтуға кеңес беруде.

– Қоғамда қауіпті індет жайлы қорқынышты ақпар көп. Бұл тұрғындардың психологиясына әсер етпей қоймайды. Сондықтан біз үрейді сабырға жеңдіруді кеңінен насихаттауға күш салудамыз. Вебинар барысында басымдық отбасындағы тұрақтылыққа берілді. Еркін форматта, ақсыз өткізілген вебинар жастардың сұранысын қанағаттандырды, – дейді маман.

Бұдан бөлек, орталық жанындағы еріктілердің фронт-офис өкілдері екі күн бұрын судағы қауіпсіздік бойынша рейдтік бақылауға шыққан екен. Түс ауа ХҚКО жанындағы сол жағалауға өтетін көпірдің арғы бетінде белгісіз азаматшаның өз еркімен суға түсіп, қимылсыз қалғаны анықталған. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері Бексұлтан Бижігіт пен ерікті Ақбаян Бүркітбай, сол маңайда балық аулап отырған Дастан Қадыров дереу әрекет етіп, оны судан шығарыпты. Қазір азаматша дін аман, ОМО-да қажетті емін жалғастырып жатыр. Осы дүниелерге қарап-ақ, еріктілердің қандай жағдайда да өз басын қатерге тігіп, өзгеге қол ұшын соза алатыны білінеді.

ЕЛ АУЗЫНАН

Алтын-күміс тас екен...

Баяғыда бір бай «Алтыным көп, еңдеше менде неге паттық жоқ, мен паттықты іздеп табамын, алтынға бәрі сатылады» деп күндердің күнінде қоржынын алтынға толтырып жолға шығыпты. Тау асып, тас басса да өзі іздеген дүниесін таба алмапты. Оның үстіне қоржын толы алтынны оның жолдағы әурешіліктерін барынша көбейтіп, қарға адым аттап басу мұң болады.

Бір күні алыстан көрінген шаһарға қарай келе жатып отын арқалаған бір шаруаға кездеседі. Өзі тіпті көңілді, шарайы шығып тұр.

– Әй, шаруа, сен неткен көңілдісің? Мен сол көңілді өмірді іздеп алтын толы қоржын аркалап жүрсем де, таба алмадым. Сен паттықты көрмедің бе? – дейді оған бай ентігіп.

– Паттықты тапқын келсе, арқандағы жүгінен құтыл, – депті сонда шаруа күліп.

Бірде аяқ астынан ауылды тасқын суы басып, үй-жай, қора-қопсысы жермен-жексен болған бір бай жұдырықтай алтынның қолтығына қысқан күйі ағаш басына өрмелеп шығып алыпты. Қараса, ағаштың келесі бір бұтағында қолында бір табананы бар біреу отыр екен.

Байкең оған: – Ей, ақымас, аштан өлетіндей нан алғаның, үйіңдегі қолға ілінер мүлкіңді ала шықадың ба? Бекерге бәрі

ағып кетті, ертең су тартылғанда дүниесіз қаласың ғой, – деп күледі.

Ол үнсіз отыра береді. Тасқын суы екі күн бойы қайтпай қояды. Байдың қарны аша бастайды. Төртінші күн болғанда аптық меңдеткен байдың әл-дәрмені қалмайды. Ал, көршісі наным мүжіп жеп отыра береді. Шыдамы таусылған бай:

– Алтынымның жартысын берейін, нанымнан маған да берші, – деп жалынады. Шаруа басын шайқайды. – Қолымдағынмен бәрін берейін, бір ұым нан берсеңші, – дейді жылдамсырап. Анау оған мойнын да бұрмайды.

Аптаға жалғасқан тасқын қайтқан соң ағаш басындағы алтынны бар бай аштан өліпті.

Азығын жеп аман қалған әлгі адам байдың қолында қалған алтынды алып жолына түсіпті.

Жазып алған: Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.



SERGEK

Черногориямен жолдастық кездесу

Футболдан Қазақстан құрамасы қараша айында Черногориямен жолдастық кездесу өткізеді. Ойын 11 қарашада сол елдің астанасы – Подгорице қаласында болады.



Естеріңізге сала кетелік, Қазақстан құрамасы қыркүйек-қараша айларында Ұлттар лигасында бақ сынайды. Біздің футболшылар С лигасы төртінші тобында Албания, Беларусь және Литвамен шеберлік байқасады. Ал Черногория аталған лиганың бірінші тобында Кипр, Люксембург және Эстониямен ойнайды.

Қазақстан аталған қарсыласымен бұдан бұрын үш мәрте кездесті. 2008 жылдың 27 мамырында Подгорицеде өткен жолдастық кездесуде қазақстандық құрама қарсыласынан 0:3 есебімен жеңіліп қалды. Одан кейін екі құраманың жолы 2018 жылғы әлем чемпионатына іріктеу кезеңінде Е тобында түйісті. Алдымен 2016 жылдың 8 қазанында Подгорицеде 0:5 есебімен есе жіберген қазақстандық құрама 2017 жылдың 1 қыркүйегінде елордада оларға 0:3 есебімен есе жіберді.

Хоккейден ел біріншілігі тамызда басталады

Шайбалы хоккейден Қазақстан чемпионаты 26 тамызда басталады. Федерация еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қазақстан біріншілігін өткізудің өзге де жолдарын қарастырып отыр. Қазір оның үш жобасы жасалған.

Қазақстан кубогы 2020 жылдың желтоқсан айында өткізіледі деп жоспарлануда. Оның нақты мерзімі мен өтетін орны оған қатысуға ниет білдірген командалар өтінішіне сай қарастырылады.

«Ал жастар лигасы биылғы жылдың қыркүйек айында басталуы тиіс. Ал қыздар арасындағы чемпионат қыркүйек немесе қазан, наурыз немесе сәуір айларына белгіленетін үш түр негізінде жүргізіледі» деп жазылған федерация таратқан хабарламада.

Естеріңізге сала кетелік, Қазақстан чемпионатының 2019/2020 жылғы кезеңі коронавирус пандемиясына байланысты наурыз айында тоқтатылған. Нәтижесінде чемпионаттың биылғы жеңімпазы анықталған жоқ.

Әзірлеген Әділжан ҮМБЕТ.

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)